



Бекітемін  
«Дарын» РҒПО директоры  
Т. Нуркешов  
2021 ж.

## Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған «Алтын тұғыр» республикалық олимпиадасы Ережесі

### 1. Жалпы Ереже

Осы Ереже бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған «Алтын тұғыр» республикалық (бұдан әрі - Олимпиада) ұйымдастыру тәртібі мен өткізілу форматын, әдістемелік қамтылуын, Олимпиадаға қатысу және жеңімпаздарды анықтау тәртібін белгілейді.

1. Ереже Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру мақсатында әзірленген.

2. Олимпиада жылына бір рет Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы (бұдан әрі – «Дарын» РҒПО) өткізеді.

3. Олимпиадаға білім беру ұйымдарының бастауыш сынып мұғалімдері қатыса алады.

4. Олимпиада мұғалімдердің зерттеушілік және шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі жүзеге асыруына жағдай жасауға, жоғары кәсіби мұғалімдерді анықтау және қолдауға, математика пәнінен олимпиада тапсырмаларын шешуде педагогтардың біліктілігі мен дағдыларын жетілдіруге бағытталған.

### 2. Олимпиаданың мақсаты мен міндеттері

5. Олимпиаданың мақсаты – бастауыш мектеп мұғалімдерінің жоғары деңгейдегі олимпиадаларға дайындау қабілетін жақсарту, мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін дамыту және педагогикалық шеберлігін жетілдіру, педагог мамандығының мәртебесін арттыру.

6. Олимпиаданың міндеттері:

- бастауыш сынып мұғалімдерінің математика пәніне деген қызығушылығын қалыптастыру, сол арқылы мұғалім деңгейін көтеру;
- қабілеті жоғары оқытушыларды анықтау және ынталандыру;
- оқытушылардың математикалық ұғымдарды талдау қабілетін жетілдіріп, оқушы алдында өз ойын сауатты жеткізе білуге үйрету;
- бастауыш мұғалімдерінің маңыздылығын айқындау;
- республика көлеміндегі мұғалімдердің өзара тәжірибе алмасуын қалыптастыру.

### **3. Олимпиаданы өткізудің шарттары мен тәртібі**

7. Қатысушы олимпиаданың тапсырмаларын орындайды. Олимпиадаға 120 астрономиялық минут (2 сағат) беріледі. Олимпиадасының бағалау көрсеткіші 100 ұпай.

8. Олимпиаданың мазмұны 3 бөлімнен тұрады:

#### **I бөлім. «Бос орынды толтыр».**

Бұл бөлімде мұғалім жылдам жауап бере алатындай қысқа сұрақтардан, логикалық, мәтіндік есептер мен ережелерден тұрады. Мәтіннің арасынан терминдерге немесе есептеп жауабын жазу үшін бос орын қалдырылады, сол бос орынға есептің соңғы жауабын, яғни тиісті сөзді/санды жазу арқылы толтыру керек. Бұл бөлікте он шақты мәтін немесе есептеулер беріледі, бір мәтінде бір немесе бірнеше бос орындар болуы мүмкін. Ұпай әрбір бос орындар үшін саналады және ұпай саны әрбір бос орын үшін қажетіне қарай 3-4 ұпайдан, барлығы 30-40 ұпай айналасында беріледі, тіпті одан да көп болуы мүмкін. Бос орынға қойылған жауап қана есептелінеді, есептеу барысын жазу қажет емес. Егер олимпиадаға қатысушы (бұдан ары - Қатысушы) басқа толықтырулар жасаса, онда ол есептелінбейді. Бұл бөлім қатысушының логикалық ойлау қабілеті мен есептерді шығару жылдамдығын арттыруға бағытталған.

**II бөлім. «Дұрыс жауабын таңдау сұрақтары».** Жауаптың 4-5 нұсқасы көрсетілген 10 сұраққа дейін кіргізілген тест тапсырмалары беріледі. Қатысушы сол жауап нұсқаларының ішінен дұрыс жауабын таңдайды. Әр тапсырмаға 3-4 ұпайдан беріледі. Қатысушының өз жауабына сенімді әрі нақты шешім қабылдайтын бөлім.

#### **III бөлім. «Есепте, дәлелде».**

Есептің шарты беріледі. Тапсырманың шешу барысы, жауабы толық жазылады. Бұл тапсырмаға әрбіреуіне 5 ұпайдан 15 ұпайға дейін берілуі мүмкін. Бұл бөлімде кем дегенде 2-6 стандартты және стандартты емес тапсырмалар аралас беріліп, қатысушы берілген параққа шешу барысын, жауабын толық жазады, ұпайлары да соған сәйкес беріледі. Дұрыс жауап 100 ұпайды құрайды. Бастауыш сынып бағдарламалары негізінде құрастырылған олимпиадалық, логикалық есептер бойынша тапсырмалар беріледі.

### **4. Олимпиаданың жалпы өлшем шарттары**

9. Қатысушылардың шешімін бағалау жүйесі дұрыс орындалған тапсырмалардың әрбіріне белгілі ұпай санын қоюды қарастырады.

10. Ең көп балл жинаған қатысушылар олимпиада жеңімпаздары болып саналады.

### **5. Ұйымдастыру комитеті**

11. Олимпиадаға басшылық етуді Ұйымдастыру комитеті жүзеге асырады.

12. Ұйымдастыру комитетінің функциялары:

- олимпиаданың әдістемелік және ақпараттық қолдауын қамтамасыз ету;
- олимпиаданың өту тәртібі мен мазмұнын бекіту;
- өту мерзімі мен орнын анықтау;
- олимпиада дипломдарын табыстау ретін белгілеу;
- олимпиаданың жеңімпаздары мен жүлдегерлерінің тізімін бекітеді;
- олимпиада тапсырмаларын бағалау критериясын анықтап бекітеді;
- қазылар алқасының құрамын бекіту.

### **6. Қазылар алқасының міндеттері**

13. Қазылар алқасы келесі міндеттерді жүзеге асырады:

- қазылар алқасы олимпиадаға қатысушылардың жұмыстарын тексереді, жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтайды;
- олимпиадаға қатысушылардың тапсырмаларды орындауына талдау жүргізеді;
- олимпиада жеңімпаздарын анықтау барысында бекітілген құрамның жалпы санынан кемінде 2/3 болса, қазылар алқасының шешімі заңды болып есептеледі. Ұпайлардың саны тең болған жағдайда соңғы шешімді дауыс қазылар алқасының төрағасының дауысы болып табылады.
- олимпиада кезінде туындаған даулы жағдайларды қарастырады;
- олимпиада жеңімпаздарын марапаттайды;
- олимпиадалық тапсырмалардың шешімін жариялайды;
- ұйымдастыру комитетіне олимпиада қорытындысы бойынша есеп береді.

14. Қазылар алқасының шешімі хаттамалармен рәсімделеді. Хаттамаларды жүргізу қазылар алқасының хатшыларына жүктеледі.

### **7. Олимпиада жеңімпаздарын марапаттау**

15. Олимпиада жеңімпаздары мен жүлдегерлері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Дарын» РҒПО-ның I, II, III дәрежелі дипломдарымен, грамоталарымен марапатталады.

16. Олимпиаданың барлық қатысушыларына «Дарын» РҒПО-ның сертификаттары беріледі.